

# ҚЫЛМЫСТЫҢ санаттары



Орындаған; Раметов Улугбек

Қылмыс дегеніміз –  
қылмыстық заңдармен  
тиым салынған, қоғамға  
қауіпті әрекет немесе  
әрекетсіздікті айтамыз.

## **0 Қылмыстың белгілеріне мыналар жатады:**

- 0 1. Қоғамға қауіптілігі**
- 0 2. Заңға қайшылығы**
- 0 3. Айыптылығы**
- 0 4. Жазаланатындығы.**

**0 ҚЫЛМЫСТЫҢ** санаттары деп оларды нақты белгілері бойынша топқа бөлуді айтамыз. Қылмыстар сипатына, қоғамға қауіптілік дәрежесіне және кінәнің түріне байланысты мынадай санаттарға бөлінеді:

- 0** - онша ауыр емес;
- 0** - ауырлығы орташа;
- 0** - ауыр;
- 0** - аса ауыр.

**0 Қылмыстық Кодекстің 10-бабына сәйкес қылмыс жасағаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан:**

- 0** 1. қасақана жасаған әрекеті – 2 жыл, абайсызда жасаған әрекеті – 5 жылдан аспайтын мерзімге – онша ауыр емес;
- 0** 2. қасақана жасаған әрекеті – 5 жыл, абайсызда жасаған әрекеті – 5 жылдан аспайтын мерзімге – ауырлығы орташа;
- 0** 3. қасақана жасаған әрекеті – 12 жылдан астам мерзімге – ауыр;
- 0** 4. қасақана жасаған әрекеті – 12 жылдан астам мерзімге немесе өлім жазасы көзделсе – аса ауыр санатына жатады.

**0 Қылмыстың құрамы дегеніміз – бұл қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарынан құралатын белгілерінің жиынтығын айтамыз. Ондай белгілер 4 топқа бөлінеді:**

- 0 - қылмыстың объектісі;**
- 0 - қылмыстың объективтік жағы;**
- 0 - қылмыстың субъектісі;**
- 0 - қылмыстың субъективтік жағы.**

- 0 1. **Қылмыстың объектісі** – қылмыскердің қиянат жасайтын және де қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастар.
- 0 2. **Қылмыстың объективтік жағы** – ол қылмыстың сыртқы көрінісіне жататын белгісі.
- 0 3. **Қылмыстың субъектісі** – ол қылмыс жасаған уақытта ақыл-есі дұрыс және 16 жасқа толған жеке адам. Кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, адам ұрлау және т.б.) қылмыстық жауатылыққа адам 14 жастан тартылады.
- 0 4. **Қылмыстың субъективтік жағы** – бұл қылмыстың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді.

- Қылмыс құрамы құрастырылуына байланысты материалдық және формальды болып жіктеледі.
- Материалдық құрамда қылмыстың аяқталу сәті қоғамға қауіпті зардаптың тууына байланысты болса, формальды құрамда зардапты тосып жатпай-ақ, қоғамға қауіпті әрекетті жасаудың өзі қылмыстың аяқталғандығын көрсетеді.



# 0. Қылмыс санаттары

1. Қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді.
2. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп танылады.
3. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады.
4. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады.

0 5. Жасалғаны үшін осы Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады. Қылмыс санаттары негіздеріне әр түрлі критерийлер Қылмысты санаттаудың екінші критерийі— кінәнің нысаны

Аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін, қылмыс Жекелеген жағдайларда заң шығарушы қылмыстың бірқатар қорытынды.

**0** Назарларыңызға  
рақмет